

**«Жұлдыздар жарқырайды»
жас астрономдардың облыстық слетін өткізудің
ережесі**

1.Конкурстың мақсаты мен міндеттері.

Мақсаты: Оқушыларды «Астрономия» ғылымын, ғарыш кеңістігін, техникасын зерделеуге тарту.

Міндеттері:

1. Астрономиялық ғылымға қызығушылыққа баулу ;
2. дарынды балаларды анықтау;
3. қоршаған ортаға ойлы, зерделі көзқараспен қарауға тәрбиелеу;
4. балалар шығармашылығын қолдау;

2. Конкурса қатысушылар.

Қала және облыс білім беру мекемелерінің 12-18 жас аралығындағы оқушылары.

3. Өткізу орны:

Павлодар облысы білім беру басқармасының М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы, 1 Май көшесі, 27.

5. Өткізу уақыты:

2016 жылғы 22 желтоқсан 2017 жылғы 19 қаңтар аралығы.

6. Өткізу тәртібі.

Слет бір күнде өтеді. Қатысушылар мына атаулар бойынша иллюстрацияланған тұсаукесер және бейне роликтер дайындайды:

«Ғарыш техникасы»

«Жерге ғарыштан көз тастау»

«Күн көзінің жүйесі»

«Жерден Ғарышқа көз тігу»

«Ғарыш туралы үздік бейнеролик»

Материалға қоса автордың бұл тақырыпты неге таңдағаны және ол туралы не білетіні жөнінде баяндама дайындауға болады. Әр суретке қысқаша түсініктеме, мәлімет берген дұрыс.

Одан басқа мына тақырыптар бойынша шығарма- эсселер де қабылданады:

«Адамзат тағдыры және ғарыш», «Ғаламшарда біз жалғызбыз ба» «Таяудағы 100 жылда ғарышты игеру бойынша менің болжамдарым».

Шығармалар 2017 жылғы 06 қаңтар айы 2017 жылғы 16 қаңтарға дейін *Times New Roman шрифті, 14 Кегль, А4* парағында басылған түрде қабылданады.

Слетқа арналған тұсаукесер электрондық түрде қабылданады (флеш-карта немесе диск). Автордың аты, мектебі файлдың атауында көрсетіледі. Жұмыстың түрлері: тұсаукесер (ppt), слайдшоу, бейнеролик. Бейнероликтің форматы: avi, mpg, mp4, wmv, flv, mkv, vob, mov

Ғылыми-зерттеу жоба жұмыстары электрондық пошта мекенжайына қабылданады Pl4_ekb@mail.ru

Қызықтыратын барлық мәселе бойынша мына телефондарға қабарласыңыз 8 (7182) 32 85 27 (Жұмажанова Айтжамал Айтқалиқызы – ғылым және техника бөлімінің меңгерушісі), немесе 87057076362 (слетқа жауапты – Баубекова Гүлнәр Қайырболатқызы)

7. Жіберілетін материалдарға қойылатын талаптар.

Слетқа қатысушының өзі орындаған тұсаукесер мен бейнеролик қабылданады. Ғаламтордан алынған суретті пайдалануға болады. Ғаламтордан алынған дайын слайдшоу, тұсаукесер, бейнеролті пайдалануға тыйым салынады. Роликтің және баяндаманың ұзақтығы 2 минут.

Слетқа жіберілетін зерттеу жұмысының ресімдеуге қойылатын талаптар:

Әр атау бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік және өнертапқыш түрінде болуы мүмкін. Жұмыс қазақ, орыс және ағылшан тілдерінде жіберіледі. Жұмыстың көлемі 20 парақтан аспауы тиіс. Парақ беттерін нөмірлеу және жол болуы міндетті.

Әр жұмысқа жетекшінің пікірі болуы керек. Онда тандалған тақырыптың мақсатқа сәйкестілігі, автордың жұмысқа қосқан үлесі, жұмыстың құндылығы мен кемшіліктері көрсетілуі тиіс.

Жұмыстың ресімделуіне қойылатын талаптар:

1) жұмыс мәтіні компьютерде терілуі тиіс (WORD, 14 шрифт, 1,5 интервал, сол жақтан бос жер – 2 см) және мазмұнына кіретіндер:

- титул парағы;
- мазмұны;
- резюме (жетекшінің аннотациясы) – қазақ және орыс тілінде жұмыстың басты ережелерін қысқаша мазмұндау (жұмыстың қай тілде жазылғанына байланысты);
- кіріспе – жұмыстың өзектілігі және тақырып тандаудың негіздемесі, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, жұмысты өткізудің орнын көрсетеді;
- негізгі бөлігі: зерттеу материалдары мен әдістері; эксперименттік бөлім; жұмыстың нәтижесі және оның талқылануы;
- зерттеу мәселесі бойынша әдебиетке шолуға әдеби деректердің қысқаша талдауы кіреді (отандық және шетелдік);

- тұжырым (қорытынды, ұсынымдар);

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

2) титул парағында мыналар көрсетіледі:

- жұмыс орындалған жер, білім беру мекемесінің толық атауы;
- жұмыстың тақырыбы;
- номинациясы(атауы);
- орындаушы (тегі,есімі, сыныбы, мектебі, аудан (қала), облыс);
- жұмыстың жетекшісі (Т.А.Ә., қызметі,жұмыс орны);
- жұмыстың орындалған жылы.

Өзінің зерттеу жұмысын немесе жобасын қорғау үшін қатысушы слеттің қорытынды кезеңіне көрнекі материалдар,сызбалар, суреттер немесе макеттер дайындауы тиіс.

Материалды бағалауда оның мазмұндылығы мен ерекшелігі,сонымен бірге орындау шеберлігінің сапасы ескеріледі.

Эссені бағалауда жұмысты орындау деңгейі, тақырыпты ашуда өзгеше көзқарасы ескеріледі.

8. Конкурсты қорытындылау және марапаттау.

Конкурстың қорытындысы сол күні шығарылады. Үздік жұмыстар дипломмен атап өтіледі. Әрбір слет қатысушысына облыстық слетқа қатысқаны туралы сертификат беріледі.